



Кеңестік дәуір кезеңіндегі Қазақстандағы жер қатынастары

Қысқаша дерекнама

- Үшінші кезең. Социалистік кезең 1917-1990 ж.
- билік тек халыққа берілуі тиіс.
- жер тек халықтікі болуы тиіс және пайдалануы тегін болуы тиіс.
- 1917 ж. Ленин декреті шығарылды.
- 1919 ж. жерді социализациялау заңы шықты.
- 1921-28 ж.ж. арасында жер су реформасы жүзеге асырылды.
- 1920 ж. Қазақ социалистік совет Республикасы құрылды. Оған дейін ол автономиялық Республика болып табылады.
- 1936ж Қазақ ССР ның тұңғыш конституциясы қабылданды.
- 1969 ж. тұңғыш рет совет одағының жер заңдарының негіздері қабылданды. Осының арқасында әр бір республикада өзіндік жер заңдарын қабылдауға әрекет жасай бастайды.
- 1917-1971 ж. дейін Қазақстанның жерін пайдалану тәртібін Ресейлік заңдар реттеп отырды. Бұл кезеңде басшылыққа партия шешімдері ерекше орын алады.

1917 ж. 25 қазандағы Лениннің жер туралы декреті

■ 1917 ж. 25 қазанда (қарашаның 7) Петроградта болған ірі әлеуметтік-саяси, тарихи оқиға. Көтеріліс В. И. Ленин басқарған большевиктер партиясының жетекшілігімен жүзеге асырылды. Оған Петроград жұмысшылары, қала гарнизонының солдаттары мен Балтық флоты матростарының өкілдері қатынасты. Көтеріліс жеңіске жеткен күні кешкісін Петроградта ашылған Кеңестердің Бүкілресейлік II съезі Уақытша үкіметтің құлатылғандығын және бүкіл елдегі өкімет билігі Кеңестердің қолына көшкендігін жариялап, В. И. Ленин дайындаған Жер туралы декреттерді қабылдады. Зауыттар мен фабрикалар жұмысшыларға!, Жер шаруаларға!, Теңдік бұрынғы езілген ұлттарға! деген ұрандарды үзбей қайталаумен болды.



Қазақ мемлекетінің жер аумағы



1919 жылы 10 шілдеде РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесі Қырғыз (Қазақ) өлкесін басқару жөніндегі төңкерістік комитет туралы» декрет қабылданды. Онда болашақ Қазақ мемлекетінің жер аумағы анықталды.

**Қазақстаннан Кеңес
Үкіметі кезінде
алынған жер қоры**

**28,2 млн
Ондық жер
жыртуға икемді
жер**

**22,7 млн ондық жер
Халықтың
Пайдалануына
алынды**

Жер мәселесін шешудегі жергілікті кеңес орындарының қызметі бірнеше кезеңдері.

- Жер мәселесін шешудегі жергілікті кеңес орындарының қызметі бірнеше кезеңнен тұрды.
- 1917 жылғы қарашадан – 1918 жылғы жазға дейінгі кезеңінде жергілікті Кеңестер, жер комитеттері мен комиссиялары бос жерлерді, тәркіленген помещиктік имениелерді есепке алып, шаруалардың жағдайын анықтап, жерсіз, жері аз шаруаларды жермен қамтамасыз ету мәселесімен шұғылданды.
- 1918 жылдың жазынан – 1920 жылдың аяғына дейінгі уақытты қамтыды. Бұл тұста жерді социализациялау жөніндегі шараларды іске асыруға әзірлік жұмыстары жүргізілді.
- 1921–1922 жылдары жер-су реформасы іске асырылды.
- 1924–1927 жылдары жерге орналастыру, шабындық, егістік жерлерді қайта бөлу жұмыстары жүргізілді.

1918 жылғы жерді социализациялау туралы заңы

Жерді социализациялау туралы осы
заңда қарастырылған негізгі
мәселелердің біріне

Жерге меншіктің барлық түрі жойылды

Жер еңбек етуші халықтың пайдасына
берілді

Кіші қазан

Халықтың өкіметі жеке адамның дара басшылығымен ауыстырылып, басқарудың командалық-бюрократтық тәсілі іске аса бастады. Мұның барлығы Қазақ Өлкелік комитетінің бірінші хатшылығына 1925 жылы қыркүйекте Ф. И. Голощекиннің келуімен байланысты болды. Ол келісімен республикада халыққа қысым жасау саясаты күшейіп, бұл ерекше қатаң сипат алды. Осы кезде – Қазақстанның қоғамдық саяси өмірінде күрт өзгерістер енгізілді. 1925 жылы желтоқсанында өткен өлкелік партия комитетінің бесінші конференциясында «Ауылды кеңестендіру туралы» шешім қабылданды. Республикада «Кіші қазан» революциясын өткізу үшін идеологиялық негіз жасалды, сөйтіп жаппай жазалау дәуірі басталып, ол қазақ халқын қайғы қасіретке ұшыратты.



1921–1922 жылдардағы ашаршылық



- 1921–1922 жылдары ауа райының қуаңшылғына байланысты астық шықпай қалып, елді аштық жайлады. Қазақстан халқының 1/3 бөлігі осы аштық қасіретін бастан кешірді. 1921 жылдары ашыққан адамдардың саны – 1 млн. 508 мың адамды құраса, 1922 жылдары олардың саны 2 млн. 303200 адамды құраған. Аштық әсіресе Қазақстанның Батыс аймағын қамтыды. Ал астық мол шыққан Семей, Ақмола губернияларында жиналған астықтың 80% орталыққа әкетілді. Қазақстан Ресейдің Мәскеу, Петроград, Самара, Қазан, Саратов өлкелерінің ашығушыларына көмек көрсетті. Оның нәтижесі Қазақстанның астық мол шыққан аудандарының аштыққа ұшырауына себеп болды.
- Кеңес өкіметі кеш те болса, ашыққан аудандарға көмек көрсетті. 1922 жылы егістікке себілген дәннің 60% Кеңес өкіметі берген болса, сонымен қатар ауыл шаруашылық машиналары мен құралдарын сатып алу үшін 2 млн. 131 мың сом мемлекеттен қаржы бөлінді. Қазақстан ашыққан Ресей өлкелеріне астық беріп қана қоймай, 20 мыңға жуық ашығушыларды өз еліне паналатты. Арал балықшылары Еділ бойындағы ашыққан халықтарға 14 вагон балық жіберді. 1921–1922 жылғы аштықтың салдарынан Ақтөбе, Қостанай, Орал, Орынбор, Торғай губерниялары тұрғындарының 1/3-нен айырылды. 700 мыңнан астам халық туған жерін тастап көршілес аймақтарға көшіп кетті.

Көрініс



Жер-су реформасы

- Жер мәселесіндегі патша өкіметінің отаршылдық саясатының ауыр зардаптарын жою шаралары іске асырылды.
- 1921 жылғы сәуір – патша өкіметі кезінде Сібір және Орал казак әскерлеріне берілген жерлерді қазақтарға қайтару туралы декрет шығарылды. Нәтижесінде:
- Ертіс өңіріндегі 177 мың десятина жер қайтарылды.
- Оралдың сол жағалауынан 208 мың десятина жер қазақтарға берілді.
- 1921 жыл – Жетісуда жер реформасы жүргізілді.
- Қазақ, қырғыз, ұйғыр еңбекшілеріне 460 мың десятина жер қайтарылды.
- 1 млн. десятинадан астам жер қоры құрылды.
- 1921–1922 жылдары аграрлық қайта құрулар нәтижесінде 300 мың адам Қытайдан Қазақстанға оралды.
- Реформаны жүзеге асыруда қателіктер мен асыра сілтеулерге жол берілді. Қай жағдайда қоныс аударушы кедейлер жерден айрылды. Қоныс аударушылар негізінен отаршы-кулактар қатарына жатқызылып, қазақтар мен қоныстанушылар арасында ұлт араздығы туындады.
- 1921 жыл — «Қосшы одағы» құрылды.
- 1930 жылдан — «Кедей одағы» атанды.
- Жетекшілері: А. Асылбеков, Ә. Жангелдин, Г. Коростылев, С. Меңдешев, С. Сейфуллин, Ж. Бөрібаев, А. Розыбакиев т. б. 1921 жылғы наурызда Жетісуда «Қосшы» одағының 17 мыңнан астам мүшесі болды.
- Міндеттері:
- Еңбек артельдерін құру.
- Кедейлерге жер беру.
- Еңбекшілердің саяси сана-сезімі мен мәдени деңгейін көтеру.
- 1921–1922 жылғы жүргізілген жер реформасының маңызы:
- Еңбекшілерді социалистік құрылысқа тартуда үлкен рөл атқарды.
- Отаршылдық аграрлық саясатқа соққы берді.
- Қазақ ауылындағы патриархаттық-феодалдық негізді әлсіретті.
- Ұлттық келісімнің орнығуына жағдай жасады.

1920 ж. Қазақ социалистік совет Республикасы



Қазақ ССР
Казахская ССР

РСФСР

1920 жылғы 26 тамыз

- 1920 жылғы 26 тамызда РСФСР халық комиссарлары Советінің пред-седателі В.И.Ленин мен Советтердің бүкіл россиялық атқару комитетінің председателі М.И.Калинин Қазақ Автономиялық Советтік Социалистік Республикасын құру туралы декретке қол қойды. Декреттің бірінші тарауында Қазақ АССР-і РСФСР-дің құрамды бөлігі болып жарияланатыны айтылды. Қазақ Совет Республикасының құрамына мына облыстар мен уездер кірді:
- Павлодар, Семей, Өскемен, Зайсан және Қарқаралы уездерінен тұратын Семей облысы.
- Атбасар, Ақмола, Көкшетау, Петропавл уездері мен Омбы уезінің бір бөлігінен тұратын Ақмола облысы.
- Қостанай, Ақтөбе, Ырғыз және Торғай уездерінен тұратын Торғай облысы.
- Орал, Ілбішін, Темір және Гурьев уездерінен тұратын Орал облысы.
- Закаспий облысының Маңғыстау уезі мен сол облыстың Красноводск уезіндегі Адайлар мекендеген төртінші және бесінші облыстар.
- Астрахань губерниясының құрамында болып келген Бөкей ордасы, Синемор облысы, бірінші және екінші Приморье округтерінің қазақтар мекендеген аудандары.
- "Известие ВЦИК" газетінің 1920жылғы 22 қазанындағы санында жарияланған 26 тамыздағы декреттің бірінші тарауына енгізілген қосымша Қазақ АССР-нің құрамына Орынбор қаласы мен оның маңындағы Покровский, Краснохолм, Илец, Шарлық, Исаев және Петровск аудандары қосылатындығы айтылды.

1922 жылдың 26 тамыз

- 1922 жылдың 26 тамызында федеральдық комитет құрама республикаларда жер ісін қарастыратын мекеме мен ВЦИК "Қазақстанда еңбекпен пайдаланудың негізгі заңын" бекітіп шығарды. Бұл негізгі заң 31-тамыздан бастап іске аса бастады. Сол "негізгі заңның" 32-33-баптарына ескерту бар. 32-бап бойынша әркім пайдаланып отырған жеріне түпкілікті орнығып иеленіп отыра береді. Бірақ, ол жерді съездер иә жер мекемелері заң бойынша берсе, ғана сол пайдаланып отырған жеріне ие болмақшы. Сонымен мейлі қазақ, мейлі орыс, мейлі қай тек болсын, Қазақстанда еңбекпен жер пайдаланамын десе, іс жүзінде пайдаланып отырса да даулы жерге съездердің, нә жер мекемелерінің заңға сыйымды рұқсаты болу керек. Сол өзгерту бойынша Қазақстанның ішінде еңбекпен жер пайдалану жайындағы "негізгі заң", онын, бер жағында 32-бап пен 33-баптың ескертуі қайтадан бекітілді. Екінші "Земельный кодекстің" жалпы мағынасына қарағанда, пайдаланатын жердің ауданы бері болса күн көруге жетерлік, әрі болса әркім өз еңбегімен игерерлік болуға тиісті. Бірақ, үйге, шаңыраққа, адам басына пәлен десятинадан берілсін деп айтылған сөз жоқ. Және "Земельный кодекстің" айтуы бойынша, ең әуелі жерге тұрғын халық орналасуы керек. Ең әуелі тұрғыш халықты жерге орналастыру керек (16-баптың 6-ескертуі). Жер жайында кезекті нұсқаулар, ережелер, жолдар шығарып тұруға белгілі мөлшерде автономиялы республикаларға ерік берілген. Бір жерге переселен аудару мәселесі ВЦИК-тің билігінде (223-бап), бір жерден бір жерге қоныс аударуға — переселен болуға, яки қоныс іздеуге әркім ерікті

1928 жыл 15 наурыз Мемлекеттік жер мүлкін жалға беру туралы заңы

- Уақытша ережелерге сәйкес Қазақ КСР нің аумағындағы барлық мемлекеттік жер меншігі республиканың жерге байланысты халықтық комитетінің және оның жергілікті органдарының билігінде болды. Мемлекеттік жер мүлкін дұрыс және нысаналы пайдалануға оның жөндеп отыруға және шаруашылық тұрғысынан орналастыруға жалпы жетекшілік және бақылау жасау міндеті жүктелді мемлекеттік жер жалға алушыларға белгілі бір кезеңге жалға беру төлемін төлеті отырып іске асырылды. Дамыған түрі ретінде артельдер танылды.

1931 жылғы заң

- Қазақстан өлкелік партия комитетінің бюросы 1929 ж. 6 қарашада қазақ шаруаларын отырықшылыққа көшіру туралы арнайы қаулы қабылдады. “Қазақ шаруашылығының артта қалған жартылай көшпелі, ішінара тұтас көшпелі шаруашылық түрлері ауыл шаруашылығын өркендетуге үлкен бөгет болуда” деп көрсетілді қаулыда.) 1933 ж. дейін Қазақстандағы барлық шаруа қожалықтарының 81,3 пайызын ұжымға біріктіру белгіленді. Шаруалар қоныстанатын жерлерді суландыру мен мелиорациялық жұмыстар негізінде 380 мың шаруашылықты отырықшыландыру көзделді. Ауыл шаруашылығына бөлінетін қаржы көлемі 2 миллиард сом болып белгіленді. Кеңес өкіметі отырықшыланатын ұжымдарға несие берді. Кеңес мемлекетінің бұл науқандағы шараларының нәтижесі кейіннен бұрмаланып көрсетілді. Отырықшыландыруға шаруа қауымы қарсы болған жоқ. Ал ұжымдастыру қысымына, зардабына шыдамай босқын болып кеткен шаруалар ашаршылықтан бас сауғалап өндіріс орындарына, жол құрылысына барып паналауға мәжбүр болды.



1936 жыл 12 маусым

- 1935 жылы 1 ақпанда өткен БК(б)П ОК-тің Пленумы КСРО Конституциясына бірқатар өзгерістер еңгізу туралы қаулы қабылдады. Жаңа Конституцияның жобасы дайындалды. 1936 жылы 12 маусым күні жаңа Конституция жобасы бүкілхалықтық талқылауға ұсынылып, жария етілді. Конституция жобасын бүкілхалықтық талқылау 5 айдан аса уақытқа созылды
- Жаңа негізгі заңға сәйкес сайлау жүйесіне, орталық өкілетті органдар құрылымына, елдің әкімшілік-аумақтық бөлінісіне өзгерістер енгізілді,
- Қазақ КСР Конституциясына сәйкес 1936 жылы Қазақ КСР-і одақтық республика болып қайта құрылды, Федерация құрамында Қазақстан басқа да республикалар қатарына келіп қосылды. Ал 1937 жылдың 26 наурызы күні Республика Кеңесінің төтенше X съезінде Қазақ КСР Конституциясы Одақтық Негізгі Заңға сүйене отырып жасалды. Жаңа Конституцияның негізгі қорытындылары, ең алдымеп, КСРО да социализмнің салтанат құруына арналды. Ал мұның түпкі тұжырымдары 1917 - 1936 жылдар КСРО-да экономикалық және әлеуметтік-мәдени өзгерістердің нақты нәтижелеріне сүйенді.

1954 жыл

- Жалпы алғанда, тың және тыңайған жерлерді игеру Қазақстанда: Қостанай, Целиноград,
- Солтүстік-Қазақстан, Павлодар, Көкшетау облыстарында және Сібірде, соның ішінде Алтай,
- Красноярск өлкелерінде, Оралда, Поволжье және Солтүстік Кавказдың, Қиыр Шығыстың бірқатар аудандарында жүргізілді
- Қысқа мерзім ішінде жалпы Одақ бойынша барлығы 42 миллион тың жер
- игерілсе, соның 25 миллион гектар жер Қазақстанда игерілген болатын.






1971 жыл 21 шілде Қазақ КСР Жер кодексі

- Ірі мемлекеттік ауыл шаруашылық жер пайдаланудың артықшылығын бекітті жерді шаруашылық мақсаттарында пайдалануға қандай да болмасын тұлғалардың араласпауы қағидасын жойды азаматтардың қосалқы үй шаруашылығындағы жер пайдалану учаскелерін тым қатаң түрде қысқартты және жер қатынастарын реттеу мәселелерінде мемлекеттің айрықша бақылауын орнатты





РЕСПУБЛИКА
КАЗАХСТАН

Назар аударғандарыңызға рақмет))))))

M 1:3 500 000

GDEGDE.KZ